

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «23» мамыр 2025 жыл

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Қатысқандар: педагогтар құрамы

Төрайымы: меңгеруші Азденбаева Р.К

Хатшы: Ермурат С

КҮН ТӨРТІБІ:

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылының қорытындылары»

Мақсаты: Балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының жағдайын анықтау, оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға қорытынды жасау және келесі оқу жылындағы жұмыс бағыттарын белгілеу.

№4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру және талдау жасау.
2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің жылдық қорытындысы.

Жаз мезгіліндегі сауықтыру жұмыстарының жылдық жоспарымен таныстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілген бақылау жұмыстарына талдау жасау:

таңғы жаттығуларды бақылау парағы;

серуенді бақылау парағы;

ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: меңгеруші Сапия Сәкенқызы №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп берді. Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің педагогтер тарапынан орындалу барысына талдау жасалды. Белгіленген міндеттердің уақытында орындалғаны атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: педагогтер 2024–2025 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп берді. Балалардың білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі, жылдық жоспардың орындалуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері талқыланды.

Жыл бойы балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілгені айтылды.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: жаз мезгіліндегі сауықтыру жұмыстарының жоспары таныстырылды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз ету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, шынықтыру шараларын ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі атап өтілді.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттері, таңғы жаттығулары және серуен кезіндегі жұмыстарына жүргізілген бақылау нәтижелері талданды.

Бақылау барысында педагогтердің балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс ұйымдастыруы, қауіпсіздік талаптарын сақтауы, балалардың белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануы қарастырылды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

№4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы назарға алынсын.

Жаз мезгіліндегі сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітіліп, белгіленген жұмыстар

жүйелі түрде жүргізілсін.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулығын нығайту және таза ауадағы іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары күшейтілсін.

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекет, таңғы жаттығу және серуен барысында балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп жұмыс жүргізілсін.

Бақылау парақтары бойынша анықталған ұсыныстар педагогтердің алдағы жұмысында басшылыққа алынсын.

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын белгілеу кезінде педагогикалық кеңесте айтылған ұсыныстар ескерілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Хатшы: Ермурат С

